

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 23 маусымдағы N 589

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне жалға берілген Алматы қаласы, Республика алаңы, 4 мекен-жайдағы үйдегі алаңдарды пайдаланғаны үшін берешектерді өтеуге Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан 20 млн. теңге бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық

сақтау министрлігі үш күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының "Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі және Парламенті Әкімшілігінің әкімшілік үйлеріне қызмет көрсету жөніндегі дирекция" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен басқару аппаратын ұстауға 1998 жылға арналған бюджеттік арналым шегінде 1 шаршы метр үшін 0,51 АҚШ долларына баламды есеппен шарт жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі